


табылады: «Браун & Рут», «Мак-Дермот», «Квернер», «Аккер», «Кеппел» және т.б.

Әзірбайжандағы Гипроморнефтегаз институты жобалап және Бакулық терең сулы негіздерді салу зауыты құрастырған 10 аса металдық платформалар 100 м тереңдіктерде орнатылған. ВНИПИШельф институты Қырымда газ кен орындарын игеру үшін биіктігі 30 м болатын платформалар шығарған. Диаметрі 500-700 мм болатын теңіз құбыр желілері Каспий, Қара теңізде және Қиыр Шығыстағы Татар бұғазында тартылған.



2.4-сурет. Шельф кен орындарын игеруге қолданылатын қазіргі заманғы техникалық құралдар

Қазіргі кезде шет елдік және ресей компаниялары мұзға төзімді стационарлы платформаларды жобалап салу үстінде. Ол бірінші кезекте Сахалиндегі Пильтун-Астохско және Печорск теңізіндегі Призаломное кен орындарындағы кессонды типті платформаларды айтуға болады. Басқа да Сахалин кен орындарына арналған мұзға төзімді платформалар типтері жобалану үстінде. Ресей газын Түркияға таситын Қара теңіз астымен салынған ерекше құбыржелісін айтуға болады.

Мұнай өндіру және ұңғыларды бұрғылау үшін, теңіз гидротехникалық құрылымдарының дамуында екінші кезеңі болып массивті моноблокты және түсірмелі көп палубалы, жоғары құрылымды тіректі бөлігі болып табылатын – теңіз стационарлы платформасы (ТСП) құрылды. Бұл конструкцияның басты ерекшеліктері – зауытта жасалған массивті блоктарды (модулдарды) қолдану, белгілі бір техникалық жабдықтармен жинақталған және әр түрлі биіктіктегі палубаларда, көп палубалы жоғары құрылымдарда және стационарлы платформаларда құруда қолданылады. Бұл дегеніміз бұрғылау жұмыстары мен мұнайды өндіруді бір уақытта қамтамасыз етеді.